

**Жиынтық бағалауға арналған
әдістемелік ұсыныстар**

Дүниежүзі тарихы

7-сынып

Әдістемелік ұсыныстар мұғалімге 7-сынып оқушыларына «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған.

Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге оқушылардың тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсыныстарда бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Сондай-ақ, жинақта оқушылардың оқу жетістіктерінің мүмкін деңгейлері (рубрикалар) сипатталған. Дескрипторлары мен балдары бар тапсырмалар ұсыныстар түрінде берілген.

Әдістемелік ұсыныстарды дайындау барысында ресми интернет-сайттағы қолжетімді ресурстар (суреттер, фотосуреттер, мәтіндер, аудио және бейнематериалдар) қолданылды.

Мазмұны

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	4
«Рим империясының құлауы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	4
«Феодализм» және «Ислам тарихы» бөлімдері бойынша жиынтық бағалау	7
2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	10
«Крест жорықтары» және «Моңғолдар» бөлімдері бойынша жиынтық бағалау.....	10
«XIVғасыр -XVI ғасырдың бірінші жартысындағы ортағасырлық еуропалық қоғам» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	14
3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	17
«Абсолютизм:Батыс пен Шығыс» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	17
«Сауда, қолөнер және әлемді игеру» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	20
4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	23
«Қайта Өрлеу дәуірі» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	23
«Реформация» және «Ғылыми революция» бөлімдері бойынша жиынтық бағалау	26

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР «Рим империясының құлауы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Кіріспе. Неліктен Батыс Рим империясы құлады? Неліктен Византия 568 жылы Византия түрік қағаны Истемиге елші жіберді?
Оқу мақсаты	6.3.1.1 «Ерте, орта, кейінгі орта ғасырлар» хронологиялық шегін білу және уақыт сызығында белгілеу 6.3.2.1 Рим империясының ыдырау себептерін анықтау және жіктеу 6.3.2.4 Византияның дипломатиялық саясатын оның көршілес елдермен қарым-қатынасының мысалында қарастырып, сипаттау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> «Ерте, орта, кейінгі орта ғасырлар» хронологиялық шегін анықтайды және уақыт сызығында белгілейді - Рим империясының ыдырау себептерін жіктейді - Византияның көршілес елдермен халықаралық қарым- қатынасын анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

Тапсырма

1. Уақыт сызығындағы хронологиялық шеңберді ерте, орта және кейінгі орта ғасыр кезеңдерге бөліп, атауларын ретімен жазыңыз.

V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII	XIII	XIV	XV	XVI	XVII

2. Рим империясының ыдырау себептерін берілген кестеге топтастырыңыз.

- Рим империясының әскерлері өз әсері қуатын жоғалтты
- Құлдар өнеркәсіптің дамуына қарсы болды
- Варварлардың шапқыншылығы көбейді
- Құл иеленушілік жүйе елдің дамуын тежеді

<i>Саяси себептер</i>	<i>Әлеуметтік-экономикалық себептер</i>

3. Ақпаратты оқып, сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. 568 жылы Түрік қағанатының елшілігін бастаған соғды көпесі Маниах Иранға қарсы Византия империясымен сауда және әскери келісімге қол қойды. Өйткені, бұл дипломатияның негізгі мәні: Византияның көмегімен Иранды талқандау арқылы Таяу Шығысты жаулауға қол жеткізгісі келді.

2. «Жылнамалар жинағында» баяндалғандай X ғасырда Княгиния Ольганың үкіметі Византия императоры мен патриархына барып, оларды Константинопольде шоқындырды. Византия елшісі Киев жеріне келіп, екі ел арасында дипломатиялық қатынасқа қадам жасады.

а) *Византия империясы көршілес мемлекеттермен қандай қарым-қатынаста болды?*

б) *Түрік қағанаты мен Византияның арасындағы байланысты сипаттаңыз.*

с) *Киев Русі мен Византияның арасындағы байланысты сипаттаңыз.*

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескрипторлар	Балл
		Білім алушы	
«Ерте, орта, кейінгі орта ғасырлар» хронологиялық шегін анықтайды және уақыт сызығында белгілейді	1	ерте ортағасыр тарихының хронологиясын белгілейді;	1
		орта ортағасыр тарихының хронологиясын белгілейді;	1
		кейінгі ортағасырдың хронологиясын белгілейді;	1
Рим империясының ыдырау себептерін жіктейді	2	Рим империясының ыдырауының 1-саяси себепін көрсетеді;	1
		Рим империясының ыдырауының 2- саяси себепін көрсетеді;	1
		Рим империясының ыдырауының 1-әлеуметтік-экономикалық себепін көрсетеді;	1
		Рим империясының ыдырауының 2-әлеуметтік-экономикалық себепін көрсетеді;	1
Византияның көршілес елдермен халықаралық қарым-қатынасын анықтайды	3	Византияның көрші мемлекеттермен байланысын сипаттайды;	1
		Түрік қағанаты мен Византия арасындағы байланысты сипаттайды;	1
		Киев Русі мен Византия арасындағы байланысты сипаттайды.	1
Жалпы балл			10

**«Рим империясының құлауы» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға
ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийлері	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
«Ерте, орта, кейінгі орта ғасырлар» хронологиялық шегін анықтайды және уақыт сызығында белгілейді	Хронологиясы берілген ерте, орта, кейінгі орта ғасырлар тарихының хронологияларын белгілеуде қиналады ☐	Хронологиясы берілген ерте, орта, кейінгі орта ғасырлар тарихының хронологияларын белгілеуде қателіктер жібереді ☐	Хронологиясы берілген ерте, орта, кейінгі, орта ғасырлар тарихының хронологияларын белгілейді ☐
Рим империясының ыдырау себептерін жіктейді	Батыс Рим империясының ыдырау себептерін категориялар бойынша жіктеуде қиналады ☐	Батыс Рим империясының ыдырау себептерін саяси/әлеуметтік-экономикалық категориялар бойынша жіктеуде қателіктер жібереді ☐	Батыс Рим империясының ыдырау себептерін белгілі категориялар бойынша жіктейді ☐
Византияның көршілес елдермен халықаралық қарым-қатынасын анықтайды	Византияның көршілес елдермен халықаралық қарым-қатынасын анықтауда қиналады ☐	Византияның көршілес елдер: Киев Русімен/ түрік қағанатымен халықаралық қарым-қатынасын анықтауда қателіктер жібереді ☐	Византияның көршілес елдермен халықаралық қарым-қатынасын анықтайды ☐

«Феодализм» және «Ислам тарихы» бөлімдері бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Феодалдық экономика ерекшеліктері неде? Феодалдық қоғам қалай ұйымдасқан? Ортағасырлық қоғамды қаланың сәулеті мен өнері қалай бейнелейді?
Оқу мақсаты	6.4.2.1 Экономикалық қатынастардың формаларын түсіндіру арқылы феодалдық шаруашылықтың 6.2.2.2 Өнердің (сәулет, сурет өнері) дамуына қоғамдағы өзгерістердің ықпалын анықтау 6.2.2.1 Тарихи оқиғалардың өзара байланысын орнату арқылы діндердің әлемдік мәдениетке ықпалын анықтау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> • Феодалдық құрылымның белгілерін анықтайды • Роман және готикалық үлгінің (стильдердің) ерекшеліктерін сипаттайды • Ислам дінінің әлемдік мәдениетке ықпалын анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

Тапсырма

1. Феодалдық қоғамның белгілерін жазыңыз.

- а) _____
- б) _____
- с) _____

2. Романдық және готикалық стилге тән белгілерді жазыңыз.

<i>Романдық стиль</i>	<i>Готикалық стиль</i>

3. Ислам дінінің әлемдік мәдениетке ықпалын көрсететін терминдерді мағынасымен сәйкестендіріңіз.

1	Астролябия		А. Араб сәулет өнеріндегі сәндік оюлар
2	Арабеска		В. Сөздерді әдемі жазу өнері
3	Калиграфия		С. Араб ғалымдары негізін қалаған сала
4	Минарет		Д. Жұлдыздардың ендік пен бойлықта орналасуын өлшейтін аспап
5	Алгебра		Е. Мешіттердің мінәжәт етуге арналған биік күмбезі

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескрипторлар	Балл
		Білім алушы	
Феодалдық құрылымның белгілерін атайды	1	феодалдық құрылыстың 1-белгісін атайды;	1
		феодалдық құрылыстың 2-белгісін атайды;	1
		феодалдық құрылыстың 3-белгісін атайды;	1
Роман және готикалық стильдің ерекшеліктерін сипаттайды	2	романдық стильге тән белгіні жазады;	1
		готикалық стильге тән белгіні жазады;	1
Ислам дінінің әлемдік мәдениетке ықпалын анықтайды	3	астролябия терминін мағынасымен сәйкестендіреді;	1
		арабеска терминін мағынасымен сәйкестендіреді;	1
		каллиграфия терминін мағынасымен сәйкестендіреді;	1
		минарет терминін мағынасымен сәйкестендіреді;	1
		алгебра терминін мағынасымен сәйкестендіреді.	1
Жалпы балл			10

«Феодализм» және «Ислам тарихы» бөлімдері бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні: _____

Бағалау критерийлері	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Феодалдық құрылымның белгілерін атайды	Феодалдық құрылымның белгілерін көрсетуде қиналады ☐	Феодалдық құрылымның 1/2/3 белгілерін көрсетуде қателіктер жібереді ☐	Феодалдық құрылымның белгілерін көрсетеді ☐
Роман және готикалық стильдің ерекшеліктерін сипаттайды	Готикалық және романдық стильдердің ерекшеліктерін көрсетуде қиналады ☐	Готикалық және романдық стильдердің ерекшеліктерін көрсетуде қателіктер жібереді ☐	Готикалық және романдық стильдердің ерекшеліктерін көрсетеді ☐
Ислам дінінің әлемдік мәдениетке ықпалын анықтайды	Ислам дінінің әлемдік мәдениетке ықпалын көрсететін терминдерді мағынасымен сәйкестендіруде қиналады ☐	Ислам дінінің әлемдік мәдениетке ықпалын көрсететін терминдер: астролябия/арабеска/калиграфия/минарет/алгебраны мағынасымен сәйкестендіруде қателіктер жібереді ☐	Ислам дінінің әлемдік мәдениетке ықпалын көрсететін терминдерді мағынасымен дұрыс сәйкестендіреді ☐

2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Крест жорықтары» және «Моңғолдар» бөлімдері бойынша жиынтық бағалау

Тақырып

Крест жорықтары христиандық Еуропа мен мұсылман әлемін қалай өзгертті?

Моңғолдардың жорықтары Еуразияның саяси картасын қалай өзгертті?

Оқу мақсаты

6.3.2.6 Картада оқиғаларды даму динамикасында белгілей отырып, 1-4 жорықтар мысалында крест жорықтарының себеп-салдарларын анықтау

6.3.2.5 Ортағасырлық шапқыншылықтар кезіндегі халықаралық қатынастардың ерекшеліктерін анықтау

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Картадағы 1-4 крест жорықтарының осы аймақтарға бағытталу себептерін анықтайды
- Крест жорықтарының мұсылман әлемі мен Еуропаға әкелген өзгерістерін көрсетеді
- Ортағасырлық шапқыншылықтар кезіндегі халықаралық қатынастардың ерекшеліктерін көрсетеді

Ойлау дағдыларының деңгейі

Білу және түсіну
Қолдану

Орындау уақыты

20 минут

Тапсырма

1. Картада бағыттары көрсетілген бірінші, екінші, үшінші және төртінші крест жорықтарының неге осы аймақтарға бағытталғанының себептерін жазыңыз.



1-себебі:

ЖОБА

2-себебі: _____


3-себебі: _____

4-себебі: _____

2. Крест жорықтарының мұсылман әлемі мен Еуропаға әкелген өзгерістерін кестеге толтырыңыз.

<i>Мұсылман әлеміне әкелген өзгерістер</i>	<i>Еуропаға әкелген өзгерістері</i>

3. Картада белгіленген моңғолдардың жаулап алған Қытай, Орта Азия, Иран, Кавказ елдері территорияларын көрсетіңіз.



- 1 _____
- 2 _____
- 3 _____
- 4 _____

Бағалау критерийлері	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Картадағы 1-4 крест жорықтарының осы аймақтарға бағытталу себептерін анықтайды	1	1- крест жорығының көрсетілген аймаққа бағытталу себебін анықтайды;	1
		2- крест жорығының көрсетілген аймаққа бағытталу себебін анықтайды;	1
		3- крест жорығының көрсетілген аймаққа бағытталу себебін анықтайды;	1
		4- крест жорығының көрсетілген аймаққа бағытталу себебін анықтайды;	1
Крест жорықтарының мұсылман әлемі мен Еуропаға әкелген өзгерістерін көрсетеді	2	крест жорықтарының мұсылман әлеміне әкелген өзгерісін анықтайды;	1
		крест жорықтарының Еуропаға әкелген өзгерісін анықтайды;	1
Ортағасырлық шапқыншылықтар кезіндегі халықаралық қатынастардың ерекшеліктерін көрсетеді	3	моңғолдар жаулап алған Қытай елінің территориясын көрсетеді;	1
		моңғолдар жаулап алған Орта Азияның территориясын көрсетеді;	1
		моңғолдар жаулап алған Иран елінің территориясын көрсетеді;	1
		моңғолдар жаулап алған Кавказ елінің территориясын көрсетеді.	1
Жалпы балл			10

**«Крест жорықтары» және «Моңғолдар» бөлімдері бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні: _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Жоғары	Орта	Төмен
Картадағы 1-4 крест жорықтарының осы аймақтарға бағытталу себептерін анықтайды	Картадағы 1-4 крест жорықтарының осы аймақтарға бағытталу себептерін анықтауда қиналады ☐	Картадағы 1/2/3/4 крест жорықтарының осы аймақтарға бағытталу себептерін анықтауда қателіктер жібереді ☐	Картадағы 1/2/3/4 крест жорықтарының осы аймақтарға бағытталу себептерін анықтайды ☐
Крест жорықтарының мұсылман әлемі мен Еуропаға әкелген өзгерістерін көрсетеді	Крест жорықтарының мұсылман әлемі мен Еуропаға әкелген өзгерістерін көрсетуде қиналады ☐	Крест жорықтарының мұсылман әлемі мен Еуропаға әкелген өзгерістерін көрсетуде қателіктер жібереді ☐	Крест жорықтарының мұсылман әлемі мен Еуропаға әкелген өзгерістерін көрсетеді ☐
Ортағасырлық шапқыншылықтар кезіндегі халықаралық қатынастардың ерекшеліктерін көрсетеді	Ортағасырлық шапқыншылықтар кезіндегі халықаралық қатынастардың ерекшеліктерін көрсетуде қиналады ☐	Моңғолдар жаулап алған Қытай Орта Азия, Иран, Кавказ елдерінің территорияларын көрсетуде қателіктер жібереді ☐	Ортағасырлық шапқыншылықтар кезіндегі халықаралық қатынастардың ерекшеліктерін көрсетеді ☐

**«XIVғасыр -XVI ғасырдың бірінші жартысындағы ортағасырлық еуропалық қоғам»
бөлімі бойынша жиынтық бағалау**

Тақырып	«Қара індет» не себепті жылдам таралды? «Қара індет» шаруалар көтерілістері мен феодалдық соғыстардың басты себебі болды ма?
Оқу мақсаты	6.3.1.4 Феодалдық соғыстар мен орталықтандырылған мемлекеттердің құрылуы арасында байланыс орнату 6.3.2.2 У.Тайлер, Г. Каль жетекшілігімен болған анти-феодалдық көтерілістердің себептері мен маңызын анықтау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> - Феодалдық соғыстар мен орталықтандырылған мемлекеттердің құрылуы арасында байланыс орнатады - У.Тайлер, Г. Каль жетекшілігімен болған анти-феодалдық көтерілістердің себептері мен маңызын көрсетеді
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

Тапсырма

1. Берілген мәтіндегі мәліметтерді негізге ала отырып, төмендегі схемаға феодалдық бөлшектенген және бір орталыққа бағынған мемлекеттің екі белгісі мен екі айырмашылығын жазыңыз. Соңынан қорытынды ойыңызды жазып көрсетіңіз.

Бытыраңқылық кезінде феодалдар үнемі өзара қырқысу соғыстарын жүргізіп отырды. Олардың мақсаты — бай көршісін тұтқындап, құн талап ету, тонаушылықпен олжа табу болды. Феодалдар соғыс кезінде қорғану үшін мықты қамалдар тұрғызып, сонда тұрған. Өзара қырқысулардан әсіресе қорғанатын қамалы жоқ шаруалар зардап шекті. Қырқысу соғыстары феодалдық шаруашылыққа зиянын тигізді.

Ортағасырлық Еуропа елдеріндегі әртүрлі таптар арасындағы соғыстар мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық жағдайының құлдырауына алып келді. Феодалдар өзара қырқыстан қалжырап, бірігудің қажеттілігін сезінді. Сол себепті, анағұрлым ауқатты феодалдар билікті өз қолдарына алып әулеттік басқаруды жолға қойып, мемлекеттерді бір орталықтандыруға қарай қадам басты.

1- белгісі

1- айырмашылығы

2- белгісі

2 - айырмашылығы

Қорытынды:

2. У.Тайлер, Г. Каль жетекшілігімен болған анти-феодалдық көтерілістердің себептері мен маңызын жазыңыз.

<i>Көтеріліс себептері</i>	
<i>У.Тайлер көтерілісі</i>	<i>Г. Каль көтерілісі</i>
<i>Көтерілістердің маңызы</i>	

Бағалау критерийлері	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
		көтерілістердің салдарын көрсетеді;	
Феодалдық соғыстар мен орталықтандырылған мемлекеттердің құрылуы арасында байланыс орнатады	1	феодалдық бөлшектенген мемлекеттің 1-белгісін анықтайды;	1
		феодалдық бөлшектенген мемлекеттің 2-белгісін анықтайды;	1
		бір орталыққа бағынған мемлекеттің 1-белгісін анықтайды;	1
		бір орталыққа бағынған мемлекеттің 2-белгісін анықтайды;	1
		қорытынды ой жазады;	1
У.Тайлер, Г. Каль жетекшілігімен болған анти-феодалдық көтерілістердің себептері мен маңызын көрсетеді	2	У.Тайлер жетекшілігімен болған анти-феодалдық көтерілістің 1-себепін көрсетеді;	1
		У.Тайлер жетекшілігімен болған анти-феодалдық көтерілістің 2-себепін көрсетеді;	1
		Г. Каль жетекшілігімен болған анти-феодалдық көтерілістің 1-себепін көрсетеді;	1
		Г. Каль жетекшілігімен болған анти-феодалдық көтерілістің 2-себепін көрсетеді;	1
		У.Тайлер, Г. Каль жетекшілігімен болған анти-феодалдық көтерілістердің маңызын көрсетеді.	1
Жалпы балл			10

«XIVғасыр -XVI ғасырдың бірінші жартысындағы ортағасырлық еуропалық қоғам» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийлері	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Жоғары	Орта	Төмен
Феодалдық бытыраңқылық пен орталықтанған мемлекеттің ерекшеліктерін көрсетеді	Феодалдық бытыраңқы және орталықтандырылған мемлекеттің белгілерін анықтауда қиналады ☐	Феодалдық бытыраңқы және орталықтандырылған мемлекеттердің 1-2-белгілерін анықтауда және қорытынды ой жазуда қателеседі ☐	Феодалдық бытыраңқы және орталықтандырылған мемлекеттің белгілерін анықтайды ☐
У.Тайлер, Г. Каль жетекшілігімен болған анти-феодалдық көтерілістердің себептері мен маңызын көрсетеді	У.Тайлер, Г. Каль жетекшілігімен болған анти-феодалдық көтерілістердің себептері мен маңызын көрсетуде қиналады ☐	У.Тайлер, Г. Каль жетекшілігімен болған анти-феодалдық көтерілістердің 1-2-себептері мен маңызын көрсетуде қателіктер жібереді ☐	У.Тайлер, Г. Каль жетекшілігімен болған анти-феодалдық көтерілістердің себептері мен маңызын көрсетеді ☐

3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Абсолютизм: Батыс пен Шығыс» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып

XIV Людовик мен Ұлы Петр: кімнің билігі айтарлықтай шексіз болды?

Юнлэ мен Токугава билігі Батыс билеушілерінің билігіндей шексіз болды ма?

Оқу мақсаты

Неліктен I Карл мен II Осман шексіз монарх бола алмады?

6.3.1.2 Батыс пен Шығыстағы монархия формаларын (сословиелік-өкілдік және шексіз билік) ажырату

6.3.1.5 Саяси биліктің ерекшеліктерін анықтау үшін әр түрлі ел билеушілерінің қызметін салыстыру

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Батыс пен Шығыстағы монархия формаларын (сословиелік-өкілдік және шексіз билік) ажыратады
- Саяси биліктің ерекшеліктерін анықтау үшін әр түрлі ел билеушілерінің қызметін сипаттайды

Ойлау дағдыларының деңгейі

Білу және түсіну
Қолдану

Орындау уақыты

20 минут

Тапсырма

1. Суреттердегі басқару түрін анықтап, ерекшеліктерін жазыңыз.



1- сурет



2-сурет

1. _____

Ерекшелігі _____

2. _____

Ерекшелігі _____

2. Мәтінді оқып шығып, кестені толтырыңыз.

Батысеуропалық феодализмның тарихы үш үлкен кезеңге бөлінеді. Ерте феодализм (ерте ортағасыр) – V ғ. X ғ. аяғына дейін. Бұл уақыт феодалды ірі жер иелену мен феодадлар тарапынан еркін шаруалардың пайда болуы, феодалды құрылыстың қалыптасуы кезеңіне сәйкес келеді. Толықтай натуралды шаруашылық үстемдік етеді. Ертеректегі феодады мемлекет болып, франктар корольдігі саналды. Дамыған феодализм кезеңі (ортағасырлық гүлдену) XI — XV ғғ. болып табылады. Аталмыш кезең ауылдардағы феодады өндіріс тәсілінің толықтай дамуы ғана емес, сонымен қатар, өздерінің цехтық қолөнері мен саудасы бар ортағасырлық қалалардың табыстар кезеңі болатын. Саяси бытыраңқылықты бір орталыққа бағынған феодады ірі мемлекеттер ауыстырды. Сонымен қатар бұл уақыт ортағасырлық қоғамды қозғаған мықты шаруалар көтерілістерінің кезеңі еді. Кейінгі феодализм кезеңі (кейінгі ортағасыр)- XV ғасырдың аяғы мен XVII ғасыр ортасы – феодализмнің ыдырап және оның қойнауында жаңа капиталистік өндіріс тәсілінің туындау кезеңі болып саналады.

Кезеңдері	Хронологиялық шеңбері	Ерекшеліктері
Ерте		
Дамыған		
Кейінгі		

Бағалау критерийлері	Тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Батыс пен Шығыстағы монархия формаларын (сословиелік-өкілдік және шексіз билік) ажыратады	1	шексіз билік түрін сипаттайды;	1
		ерекшелігін жазады;	1
		сословиелік-өкілдік билік түрін сипаттайды;	1
		ерекшелігін жазады;	1
Саяси биліктің ерекшеліктерін анықтау үшін әр түрлі ел билеушілерінің қызметін сипаттайды	2	ортағасырдың бірінші кезеңін анықтайды;	1
		ортағасырдың екінші кезеңін анықтайды;	1
		ортағасырдың үшінші кезеңін анықтайды;	1
		ортағасырдың бірінші кезеңінің ерекшеліктерін сипаттады;	1
		ортағасырдың екінші кезеңінің ерекшеліктерін сипаттады;	1
		ортағасырдың үшінші кезеңінің ерекшеліктерін сипаттады.	1
Жалпы балл			10

«Абсолютизм: Батыс пен Шығыс» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийлері	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Батыс пен Шығыстағы монархия формаларын (сословиелік-өкілдік және шексіз билік) ажыратады	Батыс пен Шығыстағы монархия формаларын (сословиелік-өкілдік және шексіз билік) ажыратуда қиналады ☐	Батыс пен Шығыстағы монархия формаларын (сословиелік-өкілдік және шексіз билік) ажыратуда және ерекшелігін жазуда қателіктер жібереді ☐	Батыс пен Шығыстағы монархия формаларын (сословиелік-өкілдік және шексіз билік) ажыратады ☐
Саяси биліктің ерекшеліктерін анықтау үшін әр түрлі ел билеушілерінің қызметін сипаттайды	Саяси биліктің ерекшеліктерін анықтау үшін әр түрлі ел билеушілерінің қызметін сипаттауда қиналады ☐	Саяси биліктің ерекшеліктерін анықтау үшін әр түрлі ел билеушілерінің қызметін сипаттауда қателіктер жібереді ☐	Саяси биліктің ерекшеліктерін анықтау үшін әр түрлі ел билеушілерінің қызметін сипаттайды ☐

«Сауда, қолөнер және әлемді игеру» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып

Ұлы Жібек жолы Шығыс пен Батысты қалай байланыстырды

Қытайлықтар мен еуропалықтардың теңіз саяхаттарының айырмашылығы неде?

Оқу мақсаты

Ұлы географиялық ашулар әлемді қалай өзгертті?

6.4.1.2 Ортағасырлардағы халықаралық сауда мен саяхаттардың рөлін түсіндіру

6.3.2.7 «Отаршылдық саясат» ұғымын түсіндіру (Испания және Португалияның жаулап алуының мысалында)

6.2.4.3 Картада XV-XVI ғғ. саяхатшылардың негізгі бағыт-бағдарларын белгілей отырып, Ұлы географиялық жаңалықтардың адамдардың әлем туралы түсінігіне ықпалын анықтау

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Ортағасырлардағы халықаралық сауда мен саяхаттардың рөлін сипаттайды
- «Отаршылдық саясат» ұғымын сипаттайды (Испания және Португалияның жаулап алуының мысалында)
- Картада XV-XVI ғғ. саяхатшылардың негізгі бағыт-бағдарларын белгілей отырып, Ұлы географиялық жаңалықтардың адамдардың әлем туралы түсінігіне ықпалын сипаттайды

Ойлау дағдыларының деңгейі


Білу және түсіну
Қолдану

Орындау уақыты

20 минут

Тапсырма

1. Кескін картада Христофор Колумб, Фернандо Магелан атты саяхатшылардың бағыттарын белгілеңіз.



2. Кестеде еуропалық және қытайлық экспедициялардың мақсаттары мен жергілікті халықтың өміріне тигізген әсерін анықтаңыз.

<i>Сұрақтар</i>	<i>Қытай саяхатшылары</i>	<i>Еуропа саяхатшылары</i>
<i>Ұйымдастырылған экспедициялардың мақсаттары</i>		
<i>Жергілікті халықтың өміріне тигізген әсері</i>		

3. Ұлы географиялық ашулардың әлем үшін әкелген оң және теріс әсерлерін анықтаңыз.

<i>Оң әсері</i>	<i>Теріс әсері</i>
1.	1.
2.	2.

Бағалау критерийлері	Тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Ортағасырлардағы халықаралық сауда мен саяхаттардың рөлін сипаттайды	1	Христофор Колумбтың жүріп өткен жолын белгілейді;	1
		Фернан Магеланның жүріп өткен жолын белгілейді;	1
«Отаршылдық саясат» ұғымын сипаттайды (Испания және Португалияның жаулап алуының мысалында)	2	қытайлық теңіз экспедицияларының мақсатын сипаттайды;	1
		еуропалық теңіз экспедицияларының мақсатын сипаттайды;	1
		қытайлықтардың теңіз экспедицияларының нәтижесінде ашылған жерлердің халықтарына жүргізген саясатын сипаттайды;	1
		еуропалықтардың теңіз экспедицияларының нәтижесінде ашылған жерлердің халықтарына жүргізген саясатын сипаттайды;	1
Картада XV-XVI ғғ. саяхатшылардың негізгі бағыт-бағдарларын белгілей отырып, Ұлы географиялық жаңалықтардың адамдардың әлем туралы түсінігіне ықпалын сипаттайды	3	Ұлы географиялық ашулардың әлем үшін әкелген 1-оң әсерлерін анықтайды;	1
		Ұлы географиялық ашулардың әлем үшін әкелген 2-оң әсерлерін анықтайды;	1
		Ұлы географиялық ашулардың әлем үшін әкелген 1-теріс әсерлерін анықтайды;	1
		Ұлы географиялық ашулардың әлем үшін әкелген 2-теріс әсерлерін анықтайды.	1
Жалпы балл			10

«Сауда, қолөнер және әлемді игеру» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийлері	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Ортағасырлардағы халықаралық сауда мен саяхаттардың рөлін сипаттайды	Кескін картада саяхатшылардың маршруттарын белгілеуде қиналады ☐	Кескін картада саяхатшылар: Христофор Колумб, Фернандо Магеланның маршруттарын белгілеуде қателіктер жібереді ☐	Кескін картада саяхатшылардың жүріп өткен жолдарын анықтайды ☐
«Отаршылдық саясат» ұғымын сипаттайды (Испания және Португалияның жаулап алуының мысалында)	Еуропалық және қытайлық саяхатшы экспедицияларының мақсаттарын анықтап, жаңадан ашылған жерлердегі жергілікті халыққа деген қатынасын сипаттауда қиналады ☐	Еуропалық және қытайлық саяхатшы экспедицияларының мақсаттарын анықтап, жаңадан ашылған жерлердегі жергілікті халыққа деген қатынасын сипаттауда қателіктер жібереді ☐	Еуропалық және қытайлық саяхатшы экспедицияларының мақсаттарын анықтап, жаңадан ашылған жерлердегі жергілікті халыққа деген қатынасын сипаттайды ☐
Картада XV-XVI ғғ. саяхатшылардың негізгі бағыт-бағдарларын белгілей отырып, Ұлы географиялық жаңалықтардың адамдардың әлем туралы түсінігіне ықпалын сипаттайды	Ұлы географиялық ашулардың әлем үшін әкелген оң және теріс әсерлерін анықтауда қиналады ☐	Ұлы географиялық ашулардың әлем үшін әкелген оң және теріс әсерлерін анықтауда қателіктер жібереді ☐	Ұлы географиялық ашулардың әлем үшін әкелген оң және теріс әсерлерін анықтайды ☐

4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Қайта Өрлеу дәуірі» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Қайта өрлеу дәуірі өнердің дамуын қалай өзгертті?
Оқу мақсаты	6.2.2.3 Антикалық мәдениетпен байланыс орнату арқылы Қайта өрлеу дәуірінің мәдениетін (бейнелеу, мүсін өнері) сипаттау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> - Қайта өрлеу дәуірінің ерекшеліктерін анықтайды - Ортағасырлық шығыс мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

Тапсырма

1. Иллюстрациялық суреттерге назар аударып, тапсырмаларды орындаңыз.



А) Суреттің қай тарихи кезеңде пайда болғаны туралы анықтаңыз.

1-сурет- _____

2-сурет- _____

В) Суреттер негізінде, осы дәуірде бейнелеу өнерінде қандай өзгерістер болғанын сипаттаңыз.

С) Ортағасырлық еуропалық қоғамдағы өзгеріс бейнелеу өнеріне қалай әсер етті? (ғылым, техникалық өнертабыстар, қоғамдық-экономикалық құрылыстағы өзгеріс, шіркеудің рөлі...)

2. Кестені толтырыңыз

<i>Шығыс ойшылдары</i>	<i>Өркениетке қосқан үлесі</i>	<i>Маңызы</i>
<i>Ұлықбек</i>		
<i>Әлішер Науаи</i>		
<i>Бабыр</i>		

Бағалау критерийлері	Тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Қайта өрлеу дәуірінің ерекшеліктерін анықтайды	1	1-суреттің кезеңін жазады;	1
		2-суреттің кезеңін жазады;	1
		суреттер негізінде, осы дәуірде бейнелеу өнерінде пайда болған өзгерісті анықтайды;	1
		ортағасырлық еуропалық қоғамдағы өзгерістердің бейнелеу өнеріне тигізген әсерін анықтайды;	1
Ортағасырлық шығыс мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттайды	2	Ұлықбектің әлемдік өркениетке қосқан үлесін сипаттайды;	1
		Ұлықбектің еңбегінің маңыздылығын көрсетеді;	1
		Әлішер Науаидің әлемдік өркениетке қосқан үлесін сипаттайды;	1
		Әлішер Науаидің еңбегінің маңыздылығын көрсетеді;	1
		Бабырдың әлемдік өркениетке қосқан үлесін сипаттайды.	1
		Бабырдың еңбегінің маңыздылығын көрсетеді.	1
Жалпы балл			10

**«Қайта Өрлеу дәуірі» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийлері	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Жоғары	Орта	Төмен
Қайта өрлеу дәуірінің ерекшеліктерін анықтайды	1/2-суреттердің кезеңін жазуда, осы дәуірде бейнелеу өнерінде пайда болған өзгерісті анықтауда; ортағасырлық еуропалық қоғамдағы өзгерістердің бейнелеу өнеріне тигізген әсерін анықтауда қиналады ☐	1/2-суреттердің кезеңін жазуда, осы дәуірде бейнелеу өнерінде пайда болған өзгерісті анықтауда; ортағасырлық еуропалық қоғамдағы өзгерістердің бейнелеу өнеріне тигізген әсерін анықтауда қателіктер жібереді ☐	Қайта Өрлеу дәуірінің ерекшеліктерін анықтайды ☐
Ортағасырлық шығыс мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттайды	Ұлықбек/ Әлішер Науаи/Бабырдың еңбегінің маңыздылығын көрсетіп, әлемдік өркениетке қосқан үлесін сипаттауда қиналады ☐	Ұлықбек/ Әлішер Науаи/Бабырдың еңбегінің маңыздылығын көрсетіп, әлемдік өркениетке қосқан үлесін сипаттауда қателіктер жібереді ☐	Ортағасырлық шығыс мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттайды ☐

«Реформация» және «Ғылыми революция» бөлімдері бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Мартин Лютердің наразылығы Еуропаны қалай өзгертті?
Оқу мақсаты	6.2.1.2 Тарихи процестердің контекстінде «гуманизм», «реформация», «протестантизм», «лютерандық», «кальвинизм», «контрреформация», «иезуиттер ордені» ұғымдарын түсіндіру 6.2.4.2 Жаратылыстану ғылымдарының келешектегі дамуы үшін кейінгі орта ғасырлар кезеңінде Жердің құрылысы туралы жасалған ғылыми жаңалықтардың маңыздылығын анықтау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> - Тарихи процестердің контекстінде «гуманизм», «реформация», «протестантизм», «лютерандық», «кальвинизм», «контрреформация», «иезуиттер ордені» ұғымдарын анықтайды - Жаратылыстану ғылымдарының келешектегі дамуы үшін кейінгі орта ғасырлар кезеңінде Жердің құрылысы туралы жасалған ғылыми жаңалықтардың маңыздылығын сипаттайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут

Тапсырма

1. Берілген мәліметтердің «ақиқат» немесе «жалған» екендігін анықтаңыз.

р/с	Ақпарат	ақиқат/жалған
1	Шіркеулердің баю көздерінің бірі – индульгенция сату болды	
2	«Кешірім ақшаға емес, Құдайдан беріледі»—деп айтқан М.Лютер	
3	Шіркеуді реформалау мен қайта ұйымдастыру – Реформация деп аталады.	
5	Рим папасы Реформациямен күресу үшін иезуиттер орденің құрды	

2. Адамдар үшін жердің құрылысы туралы білім не үшін қажет болғандығы туралы 5 дәлел келтіріңіз.

A
B
C
D
E

Бағалау критерийлері	Тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Тарихи процестердің контекстінде «гуманизм», «реформация», «протестантизм», «лютерандық», «кальвинизм», «контрреформация», «иезуиттер ордені» ұғымдарын анықтайды	2	1-ақпараттың «ақиқат»/«жалған» екендігін анықтайды;	1
		2-ақпараттың «ақиқат»/«жалған» екендігін анықтайды;	1
		3-ақпараттың «ақиқат»/«жалған» екендігін анықтайды;	1
		4-ақпараттың «ақиқат»/«жалған» екендігін анықтайды;	1
		5-ақпараттың «ақиқат»/«жалған» екендігін анықтайды;	1
Жаратылыстану ғылымдарының келешектегі дамуы үшін кейінгі орта ғасырлар кезеңінде Жердің құрылысы туралы жасалған ғылыми жаңалықтардың маңыздылығын сипаттайды		Адамдар үшін жердің құрылысы туралы білім не үшін қажет болғандығы туралы 1- дәлел келтіреді;	1
		Адамдар үшін жердің құрылысы туралы білім не үшін қажет болғандығы туралы 2- дәлел келтіреді;	1
		Адамдар үшін жердің құрылысы туралы білім не үшін қажет болғандығы туралы 3- дәлел келтіреді;	1
		Адамдар үшін жердің құрылысы туралы білім не үшін қажет болғандығы туралы 4- дәлел келтіреді;	1
		Адамдар үшін жердің құрылысы туралы білім не үшін қажет болғандығы туралы 5-дәлел келтіреді.	1
Жалпы балл			10

**«Реформация» және «Ғылыми революция» бөлімдері бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийлері	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Жоғары	Орта	Төмен
Тарихи процестердің контекстінде «гуманизм», «реформация», «протестантизм», «лютерандық», «кальвинизм», «контрреформация», «иезуиттер ордені» ұғымдарын анықтайды	Тарихи процестердің контекстінде «гуманизм», «реформация», «протестантизм», «лютерандық», «кальвинизм», «контрреформация», «иезуиттер ордені» ұғымдарын анықтауда қиналады ☐	Тарихи процестердің контекстінде «гуманизм», «реформация», «протестантизм», «лютерандық», «кальвинизм», «контрреформация», «иезуиттер ордені» ұғымдарын анықтауда қателіктер жібереді ☐	Тарихи процестердің контекстінде «гуманизм», «реформация», «протестантизм», «лютерандық», «кальвинизм», «контрреформация», «иезуиттер ордені» ұғымдарын анықтайды ☐
Жаратылыстану ғылымдарының келешектегі дамуы үшін кейінгі орта ғасырлар кезеңінде Жердің құрылысы туралы жасалған ғылыми жаңалықтардың маңыздылығын сипаттайды Реформация кезіндегі басты оқиғаларды анықтайды	Жаратылыстану ғылымдарының келешектегі дамуы үшін кейінгі орта ғасырлар кезеңінде Жердің құрылысы туралы жасалған ғылыми жаңалықтардың маңыздылығын сипаттауда қиналады ☐	Жаратылыстану ғылымдарының келешектегі дамуы үшін кейінгі орта ғасырлар кезеңінде Жердің құрылысы туралы жасалған ғылыми жаңалықтардың маңыздылығына 1/2/3/4/5 дәлел келтіруде қателіктер жібереді ☐	Жаратылыстану ғылымдарының келешектегі дамуы үшін кейінгі орта ғасырлар кезеңінде Жердің құрылысы туралы жасалған ғылыми жаңалықтардың маңыздылығын сипаттайды ☐

